

Бекітемін: _____

«Ерке» жеке бөбекжайы
меңгерушісі

Келісемін: _____

«Ерке» жеке бөбекжайының әдіскері

**2023-2024 оқу жылына арналған «Ақбота» кіші тобы
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Түсінік хат

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін **міндетті құжаттардың тізбесін** және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы;

- 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2023 жылғы 26 шілде № 7 хаттамасы).

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен,қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап,бір-бірінің қолдарынан ұстап,аяқтың ұшымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау.Тура жолмен,сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр,ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен жүру,гимнастикалық скамейканың үстімен жүру,заттарға шығу(гимнастикалық скамейкаға,жұмсақ модульге): тұру.қолдарын жоғары көтеру,түсу;заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр):кұрсаудан құрсауға аттап өту. Жүгіру. Бірқалыпты,шашырап,берілген бағытта,әртүрлі қарқынмен,заттардың арасымен жүгіру. Домалату, лақтыру.Екі қолмен,әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0.5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төіен,жоғары) лақтыру;отырып және тұрып,түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату,доптарды бір-біріне домалату. Еңбектеу, өрмелеу.Шектеулі жазықтың,көлбеу тақтайдың бойымен,доғаның, астынан еңбектеу. Секіру.Бір орында тұрып қос аяқпен секіру..Еденде жатқан секіргіштен секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары,екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп,оңға-солға бұрылу.Алға және екі жаққа еңкею Бастапқы қалыпта тұрып,сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап)бүгу,Аяқтың өкшесін алға қою. Қимылды ойындар. Қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар. Үш дөңгелекті велосипедке отыруға,одан ересектердің көмеімен және көмегенсіз түсуге, ересектердің көмегімен өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.
Сөйлеуді дамыту	Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білу. Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету. Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; тілдегі дыбыстар мен сөздерді айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру,ауызша нұсқау мен үлгігесүйене отырып,тапсырмаларды

	орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреуі - көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Көлік, байланыс құралдары. Көліктер, көше жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы», немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көкөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Жануарлар әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктермен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру; қар, жаңбыр, жел
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өзбетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру, құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты

	ояту.қағазға,құмға саусақпен сурет салу,ересектер салған суретті толықтыру. Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды берілген бейнеге жалғастырып сызуға машықтандыру.
Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық,ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру.Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу,оларды біртұтас етіп біріктіру,сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудітехникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені,тостағанды,табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып,тереңдету,кесектерді біріктіру,қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік,жүзік,қолсағат) мүсіндеу,заттардың ұқсастықтарын табу.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау,жырту,бүктеу),жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда,шаршыда),қағаз бетіне қойып,құрастыруға,кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден),ересектермен бірге түстерді тандауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Қағаздың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін; ұсақтауға, жыртуға үйрету және бейнелерге орналастыра білуге баулу.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айтуға қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жүру. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Жүгіру.Бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру. Домалату, лақтыру. әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0.5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төиен,жоғары) лақтыру; Еңбектеу, өрмелеу . Гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу. Секіру. Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін(10- 15 сантиметр) секіруге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою: қолды артқа қою;оларды бүгіп, жазу,қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу жә не ашу. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.Аяқтың бақай ларын қимылдату. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қим ылды ойындар ойнауға ынталандыру.

Сөйлеуді дамыту	Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды жетілдіру Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоционалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.
Көркем әдебиет	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоционалы қабылдауды; таныс тақпақтарды қайталауды; ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйре. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу: Балаларды бесік жырларын, ертегілерді тыңдауға үйрету; Балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру; кітаптардағы иллюстрацияларды қарауға баулу. Балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды;
Сенсорика	Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту: Тапсырмаларды орындау барысында қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, Түстерді: қызыл,сары, көк, жасыл ажырата айтуға машықтандыру. Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту Сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратуға үйрету; Маусымға тән табиғат құбылыстары туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; Аулаға ұшып келетін құс, торғайды бақылау. Тірі және өлі табиға құбылыстар туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету; қарапайым түрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру. Қарапайым заттарды үлгі бойынша құрастыруға үйрету; Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен текшелер, кірпіштер құрастыруға баулу. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру

Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парак бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.Бейнелерді парак бетінде орналастыруға үйрету; Түрлі-түсті дақтарды қағаз бетіне орналастыра білуге баулу;Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды берілген бейнеге жалғастырып сызуға машықтандыру. Сурет салу техникасын жетілдіру
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Мүсіндеудің қарапайым тәсілін игерту; Кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуға, илеуге машықтандыру. Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенепін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды меңгерту. Қағаздың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін; ұсақтауға, жыртуға үйрету және бейнелерге орналастыра білуге баулу. Фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру
Музыка	Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білуге және әннің мағынасын түсінуге үйрету. Ән айту Дауыс ырғаққа, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.

Қандай кезеңге жасалды: қараша айы

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен

	ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу: Балаларды бесік жырларын, ертегілерді тыңдауға үйрету; Балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру; Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды;
Сенсорика	Қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту: Тапсырмаларды орындау барысында қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, Түстерді: қызыл, сары, көк, жасыл ажырата айтуға машықтандыру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру
Қоршаған әлеммен таныстыру	Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануды. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру. Қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; Маусымға тән табиғат құбылыстары туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау. Қарапайым заттарды үлгі бойынша құрастыруға үйрету; Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен текшелер, кірпіштер құрастыруға баулу. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру.

Сурет салу	Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлітүсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйрету. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарамақарсы үйлестіру арқылы бере білу, Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу,Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу техникасын жетілдіру
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Мүсіндеудің қарапайым тәсілін игерту; (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды бір тұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) Кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуға, илеуге машықтандыру. Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Қағаздың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін; ұсақтауға, жыртуға үйрету және бейнелерге орналастыра білуге баулу.Фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;
Музыка	Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсінуді, әуендерді тыңдай білуді және әуендерді тани білуді игерту. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағына ілесе отырып қарапайым би қимылдарын орындауды: қолдың білектерін айналдыруды, шапалақтау және аяқты тарсылдатууды үйрету.

Қандай кезеңге жасалды: желтоқсан айы

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналғанжаттығулар.Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Негізгі қимылдар: шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Құрсаудан құрсауға аттап өту; әртүрлік арқын мен,заттардың арасымен жүгіру. доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан нысанаға дейін төрт тағандап (алақанымен,тізементіреп)еңбектеу.Отырып және тұрып,түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату алға қарай ұмтыла қосаяқпензатқадейін(10-15 сантиметр) секіру. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өзбетінше жуу, бетімен қолын жеке орамал мен құрғатып сүрту,ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ,түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өзбетінше, ересектердің көмегімен реткекелтіру ,белгілі бір ретпен киіну және шешіну,әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтаралдында киімдерін шкафқа немесе орындық қауқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:

	нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектер мен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығымен күшіне сәйкес рип артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырынайтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпшіктенуінде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балаларды ересектердің еңбек әрекетін (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (куану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен байыту. Балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу: Балаларды бесік жырларын, ертегілерді тыңдауға үйрету; Балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру; Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа).
Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу: Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту: Тапсырмаларды орындау барысында қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануын ұйымдастыру. Қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; Маусымға тән табиғат құбылыстары туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бегіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру. Қарапайым заттарды үлгі бойынша құрастыруға үйрету; Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен текшелер, кірпіштер құрастыруға баулу. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен

	әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға,құмғасаусақпен сурет салу ,ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бірере желерді орындау: дұрыс отыру, қағазды маждамау,қаламды тарсылдатпауды, жұмысты ұқыпты жасауды. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлітүсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу,Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу техникасын жетілдіру
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат) мүсіндеу ,заттардың ұқсастық тарынтабуды. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Мүсіндеудің қарапайым тәсілін игерту; (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды бір тұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) Кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуға, илеуге машықтандыру. Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және олардықолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту,бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыруын дамыту. Қағаздың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін; ұсақтауға, жыртуға үйрету және бейнелерге орналастыра білуге баулу. Фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру
Музыка	Музыка тыңдау. Балалар аспаптарының, музыкалық металлофон, аспабының дыбысталуын ажыратуға және оларды атай білуге үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысының ақырын немесе қатты орындалып тұрғанын ажырата білуге игерту.Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуға дағдыландыру.Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағына ілесе отырып, қарапайым би қимылдарын орындауды аяқтарын қозғауды, айнаруды,денені оңға, солға бұруды, басты оңға, солға июдi, қолдарды сермеуді үйрету

Қандай кезеңге жасалды: қантар айы,

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұгу және ашу. Шалқасынан жатқан қалыптааяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Негізгі қимылдар: белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру тақтайдың үстімен 20 сантиметрарақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. доптарды бір-біріне домалату 10-15 сантиметр биіктіктен секіру . Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегіменретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу, ұйықтар алдында киімдерін

	шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру . Байланыстырып сөйлеу. қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Балалардың түрлі әрекеттердегі ауызша және байланыстыра сөйлеуін дамыту. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айт
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу: Балаларды бесік жырларын, ертегілерді тыңдауға үйрету; Балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру; Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту: Тапсырмаларды орындау барысында қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; Түстерді: қызыл, сары, көк, жасыл ажырата айтуға машықтандыру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ұй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қарымқатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; Маусымға тән табиғат құбылыстары туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; Жануарлар әлемі
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Қарапайым заттарды үлгі бойынша

	құрастыруға үйрету; Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен текшелер, кірпіштер құрастыруға баулу. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу техникасын жетілдіру
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруді. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; Кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуға, илеуге машықтандыру. Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді)
Жапсыру	Балаларды бейнелерді қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Қағаздың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін; ұсақтауға, жыртуға үйрету және бейнелерге орналастыра білуге баулу. Фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық аспап барабан толық таныстырып және оның дыбысталуын тыңдатып, дыбысын ажырата білуге қалыптастыру. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету, ойындар мен әндерді сахналауға дағдыландыру.

Қандай кезеңге жасалды: ақпан айы

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы допты беріп, оңға- солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр) аттап жүру, орнында баяу айналу. бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге өрмелеу. еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттапсекіруге үйрету. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру . Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз

	бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Сөздік қорды қалыптастыру. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғаттағы маусымдық туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Қарды домалату ойнау және эксперимент жасау. Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды пысықтау
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауды, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту.
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды, қолды дымқыл шүберекпен сүртуді, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыруды, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта машиналарды, үйлерді доптарды, шарларды орналастыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбыстарды орындауға және ажырата білуді меңгерту. Музыкалық аспаптар бубен, сылдырмақ толық таныстырып және олардың дыбысталуын тыңдатып, дыбысын ажырата білуге қалыптастыру. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуге дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкалық аспап сылдырмақпен орындау дағдысын қалыптастыру.

Қандай кезеңге жасалды: наурыз айы

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі 10 см, ауданы 50 x 50 см модульге өрмелеу.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атау дағдыларын дамыту Тілдің грамматикалық құрылымы . Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру.
Көркем әдебиет	Түрлі балалар әрекетінде салт- дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу және бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыруды заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру
Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу және бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, әр баланы басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру
Құрастыру	Қарапайым шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру

Сурет салу	Қарапайым шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастыру. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру
Мүсіндеу	Қарапайым шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастыру. Мүсіндеуде қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат), және басқа заттардың ұқсастықтарын таба білуді үйрету
Жапсыру	Қарапайым шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастыру. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету. Бейнелерді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама - қарсы түстер) үйрету
Музыка	Музыка тыңдау. Қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Қазақ халқының өнерімен таныстыру. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтуды дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық сүйемелдеумен кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды үйрету.

Қандай кезеңге жасалды: сәуір айы

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. Ұй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларымен таныстыру. Қалай дыбыстайтынын түсіндіріп, дауыс ырғағы арқылы дыбыстауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Ұй жануарлары мен олардың төлдері туралы мақал, тақпақ, жаңылтпаштар үйрету.
Сенсорика	Заттардың санын ажыратып, әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Заттардың түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеп салыстыруға үйрету. (біреу-көп, үлкен-кішкентай т.б) Санамақтарды қайталау арқылы жатқа айтқызу.
Қоршаған ортамен	Өлі және тірі табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру және оларға эксперимент жасауға үйрету. (жылы, суық су, құрғақ,

таныстыру	ылғал құм,қатты тас т.б.) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау) Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру.
Құрастыру	Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. (көктемгі ағаш, гүл отырғыз, көктемгі құстар, үй жануарлары т.б.)
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Қарапайым шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастыру. Көктемгі маусымға байланысты суреттер салу.(көктемгі ағаш, гүл отырғыз, көктемгі құстар, үй жануарлары т.б.)
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. (көктемгі ағаш, гүл отырғыз, көктемгі құстар, үй жануарлары т.б.)
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) Қауіпсіздік ережелерін сақтап, жапсыру жолдарының тәсілдерін үйрету. (көктемгі ағаш, гүл отырғыз, көктемгі құстар, үй жануарлары т.б.)
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтауға қалыптастыру. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналауға үйрету.

Қандай кезеңге жасалды: мамыр айы

Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс –әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Негізгі қимылдар: Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі жүру. (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып).
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алуы үшін арнайы жаттығулар жасауға баулу. Сөздік қорды қалыптастыру. Сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау Тілдің грамматикалық құрылымы. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде, өз бетінше қолдануға ықпал ету. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге,өз ойын еркін айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру қабіеттерін дамыту.Өткен ертегілерді қайталап, сахналау

	арқылы көрсетуге үйрету. 1-мамыр Бейбітшілік күні, 7-мамыр сарбаздар, жеңіс күні туралы суреттермен таныстыру. Тақпақ, нақыл сөздер жатқа үйрету.
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты қарап, ажыратып айтуға үйрету. Ойлау қабілеттері арқылы, санмақтарды жатқа үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атап, құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. бейбітшілік, жеңіс күні, көгершін т.б.)
Сурет салу	Көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру. (бейбітшілік, жеңіс күні, көгершін т.б.)
Мүсіндеу	Қарапайым шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастыру. Қауіпсіздік ережелерді сақтай отырып, мүсіндеуге деген қызығушылықтарын ояту. (бейбітшілік, жеңіс күні, көгершін т.б.)
Жапсыру	Бейнелерді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға(жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама -қарсы түстер) үйрету. (бейбітшілік, жеңіс күні, көгершін т.б.)
Музыка	Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсініп айтуға, жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білуге жетілдіру. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: .Би қимылдарын орындау музыкалық аспап маракаспен орындау дағдысын қалыптастыру.